

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 38 – 42

N.K. Mynbatyrova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty  
[nurlaiym@mail.ru](mailto:nurlaiym@mail.ru)

**FORMATION AND DEVELOPMENT  
OF PEOPLE'S SOVEREIGNTY CONCEPT IN WESTERN EUROPE**

**Abstract.** This article examines history and development of sovereignty concept in Western Europe. Evolution of idea of democracy, "people's sovereignty" and people's representative office is analyzed. Political and legal essence of these categories that were created for opposition to the medieval absolutist thesis "sovereignty = power of monarch-sovereignty" is investigated. Influence of theories of ancient thinkers opens up on conceptions of people's representative office in period of middle Ages and European Renaissance.

The special attention is paid to the range of problems of philosophical, political and legal comprehension of idea of "general will" of Jean-Jacques Rousseau, which became the foundation of "people's sovereignty" concept and laid the foundation of French Enlightenment, European liberalism, American federalism and modern constitutional and democratic doctrines.

**Keywords:** state power, people's sovereignty, people's power, people's representative office, republic.

Н.Қ. Мыңбатырова

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ.

**БАТЫС ЕУРОПАДА ХАЛЫҚ ЕГЕМЕНДІГІ  
КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

**Аннотация.** Жұмыстың мақсаты – Батыс Еуропада халық егемендігі идеясының және тұжырымдамасының қалыптасуы мен дамуының негізгі мәселелерін зерделеу болып табылады. Мақалада халық билігі, «халық егемендігі» және халық өкілеттігі идеяларының қалыптасу және даму процесі жан-жақты талданған. Ортағасырлар кезеңінің «егемен-монарх-егеменнің билігі» абсолюттік тезисіне қарсы тұру үшін қалыптасқан осы категориялардың саяси және құқықтық мәні зерттелген. Орта ғасырлардағы және еуропалық Қайта өрлеу дәуіріндегі халық өкілеттігі тұжырымдамасына антикалық ойшылдар теориясының ықпалы ашып көрсетілген.

«Халық егемендігі» тұжырымдамасының іргетасын, сондай-ақ француз Ағартушылығының, еуропалық либерализмнің және қазіргі заманғы конституциялық-демократиялық доктриналардың негізін қалаған Ж-Ж. Руссоның «жалпы ерік» идеясын философиялық, саяси-құқықтық пайымдау мәселелеріне ерекше назар аударылған.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік билік, халық егемендігі, халық билігі, демократия, республика.

Жұмыстың методологиялық негізін жалпы танымдық принциптер мен арнайы ғылыми әдістердің іштей бірлігі мен байланысы құрады. Жұмысты орындауда жүйелік, тарихилық, салыстырмалы сараптау әдістері қолданылды. Әлеуметтік өзін-өзі басқарудың ерекше түрі ретіндегі халық билігі идеясы саяси-құқықтық ой-пікірдің алғаш қалыптаса бастаған кезеңінде-ақ бірге қалыптаса бастады. Автордың қол жеткізген нәтижелерін саяси және құқықтық саладағы реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі құқықтанымын ескеру бағытында

пайдалануға болады. Заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, құқықтық және саяси ілімдер тарихы пәндерін оқыту процесінде қолдануға болады.

Халықтың мемлекеттік билікке араласу мәселесінің көкейкестілігі халық билігі тұжырымдамасының мәні мен мазмұнын түсінумен сабақтас проблемалық сұрақтардың мәнділігіне, сондай-ақ қазіргі Қазақстанда нақты өкілетті демократия жүйесінің қалыптасуы мен жұмыс істетуінің практикалық қырларының маңыздылығына байланысты.

Жекелеген мемлекет дамуының әрбір кезеңі тиісті тұжырымдамалық қондырғыларға негізделіп, жоғары мемлекет билігіне ұмтылған әлеуметтік топтардың саяси бағдарламаларының іргетасы ретінде көрінген құндылық анықтауыштары мен мақсатты бағдарларды сол қондырғылардың көмегімен дәйектелді және көпшілікке таратылды. Әдетте бұл бағдарламаларда жалпы демократиялық ережелер мен қағидалар жарияланды, ал солардың ішінде халық билігі қағидасына зор мән берілді. Сонымен бірге, соңғы уақытқа дейін, бұл қағида іс жүзінде азды-көпті болса да құқықтық кепілдіктермен тиянақталмаған жалаң декларация болудан әрі аса алған жоқ. Мемлекеттік мұраттармен саяси-құқықтық құндылықтар көбіне-көп қалың халық бұқарасының емес, билік өкілдігіне ие болған шенеуніктік-бюрократтық аппараттың мүддесіне бағытталғанын мойындауға тура келеді. Елде тікелей және өкілетті демократияны құқықтық қамтамасыз етудің пәрменді тетіктері қалыптаспайынша нақты халық билігі болуы мүмкін емес. Өз кезегінде, мұндай тетіктерді жасау қоғамдық қатынастардың осы саласында жинақталған оң тәжірибелерді талдауға мүмкіндік беретін тиісті ғылыми-теориялық зерттемелерді іске асырып, оларды оңтайландырудың алдағы бағыттарын белгілеуді қажет етеді.

Саяси және құқықтық ілімдер аясында халық билігі құбылысы батыс өркениетінің дамуы кезеңінде жинақталған тәжірибені сын тұрғысынан ескере отырып та, Қазақстанның мәдени-тарихи және саяси-құқықтық дәстүрлерімен және ерекшеліктерімен салыстырып та қарастырылуы керек.

Әлеуметтік өзін-өзі басқарудың ерекше түрі ретіндегі халық билігі идеясы саяси-құқықтық ой-пікірдің алғаш қалыптаса бастаған кезеңінде-ақ бірге пайда болды десе де болады. Ежелгі заманның саяси-құқықтық ілімдері шеңберінде мемлекетке дейінгі қоғамның да, полистік ұйымның да халық билігі институттары мейлінше терең талданған. Қоғам ұйымының мемлекеттік формаларына қатысты халық билігі мәселесі мемлекеттік құрылымды оңтайландыру мәселелері ауқымында қаралып, ең әуелі басқарудың демократиялық формасымен, яғни халықтың, қала жұртының, полис тұрғындарының билігімен байланыстырылды (Протагор, Анаксагор, Перикл, Горий, Демосфен, Сократ, Платон, Аристотель, Эпикур, Полибий, Цицерон және басқалар). Мәселен, ежелгі грек софистерінің көрнекті өкілі Протогор адам және адамдар қауымдастығының пайда болуы туралы аңызды мүлдем жаңа тұрғыдан түсіндіру арқылы барлық адамдардың теңдігі және мемлекетті басқаруға барлық азаматтардың қатысу мүмкіндігінің де бірдейлігі туралы ойды негіздеді [1]. Көне заманның әйгілі ойшылдары, халық өкілеттігі мәселесін пайымдаудағы көзқарастарының әралуандығына қарамастан, түптеп келгенде, өкілеттілік институттарын мемлекеттік механизмнің қажетті элементі ретінде қарастырған. Бұл институттардың қызметінің қажеттілігін түсіну көбінесе антикалық саяси-құқықтық ой-пікір өкілдерінің гуманистік дүниетанымына байланысты болды және полистік ұйымның оңтайлы формаларының теориялық үлгілері осы дүниетаным шеңберінде құрылымдалып, талданды.

Сонымен бірге, ойшылдар өткен замандар мен өз замандарындағы нақты өмір сүріп қызмет етіп отырған полистік жүйелерге терең талдау жасап, салыстырмалы зеттеулер жүргізеді. Осы соңғы фактор, сірә, аса мәнді болған ұқсайды. Әрі неғұрлым бертінде халық өкілеттігі институттарына салыстырмалы талдау жасағанда әлдебір үлгі, «негізгі өлшем нүктесі» ретінде Рим республикасы алынған.

Рим республикасының мемлекеттік құрылымдағы аса маңызды буындардың бірі халық жиналысы, яғни барлық ересек (қару ұстауға қабілетті) толыққанды азаматтардың (бастапқы кезде

тек патрицийлердің) жиналысы болды. Бұл халық жиналыстарының негізінде қоғамның курияларға бөлінуі жатты. Халық жиналысы оған өзінің ұсыныстарын енгізетін патшаның бастамашылығымен шақырылатын болған. Бұл ұсыныстар жиналыста пікірталасына салынбай, ашық және ауызша дауыс беру арқылы ғана қабылданған. Бір куриядағы дауыстың басымдығы курияның дауысы болып есептелді, ал осы соңғыларының басым дауысы жиналыстың шешімі болды. Халық жиналысының мәні мен маңызы айрықша зор болған. И.А.Покровскийдің пікірінше, «қоғамның азды-көпті мәні бар құқықтық құрылысын қамтитын жаңа заңдардың бәрі халық жиналыстарында бекітуді қажет етті» [2].

Халық өкілеттілігі идеясын қалай болса да бейнелейтін негізгі саяси-құқықтық пайымдарға талдау жасай отырып, халық бұқарасының ортақ мүдделерін білдіру жөніндегі көзқарастар мемлекеттік басқару үдерісінде бірнеше ғасырлардан бері түбегейлі өзгеріске ұшырай қойған жоқ деген қорытынды жасауға болады.

Тіпті ресми түрде парламентаризмнің отаны саналатын Англияның өзінде халық өкілеттілігі идеясы антикалық көзқарастар тұрғысынан қаралып, монархиялық пайымдаулардың күшті ықпалында болды. Т.Смит пен Э.Кок сияқты ағылшын теоретиктері халық өкілеттілігі институттарын халықтың ерік-жігерін іске асыру құралы деп емес, монархиялық биліктің тұрақтылығын қамтамасыз ететін әлдебір механизм ретінде қарастырды.

Ортағасырлар дәуірінің соңғы кезеңі мен Қайта өрлеу дәуірінің саяси-құқықтық ой-пікірі халық билігі құбылысын халықтың монархқа сеніп тапсырған билік, корольдің жоғарғы билік құқығын өзіндік бір демократиялық легитимациялау деп ұқты. Н.Макиавелли мен Ж.Боденнің абсолюттік ілімдерінде халық өкілеттілігі, айталық, Платонның, Аристотельдің және ежелгі антикалық заманның басқа да ойшылдарының ілімдеріндегі секілді мемлекетті басқару үдерісіндегі әртүрлі мүдделердің көрінісі ғана емес, ең әуелі жалпыхалықтық ерік-жігердің көрінісі, қоғамның бірыңғай мемлекеттік билігін қажетсінуінің жиынтық бейнесі ретінде көрініс тапты. М.Падуанскийге де антикалық ойшылдардың ықпалы өте күшті болды. Ол халық билігі туралы пайымдауларға сүйене отырып, халық егемендігі идеясының негізін қалады. Оның бұл идеясы заңдарды қабылдау монополиясы халыққа тиісті деген ой негізінде өрбіді [3]. Алайда, М.Падуанский «халық» деген ұғымға қарапайым халықты, әсіресе мүліксіз кедейлерді енгізбеді.

Жаңа және қазіргі заман дәуірінде халық билігі мәселелері халықтық егемендік шеңберінде зерттеле бастады. Тек жаңа заманда ғана халық өкілеттілігі идеялары халықтың егемендігі тұжырымдамасына ауысты, оның негізін салушы деп дәстүрлі түрде әйгілі француз ойшылы Ж.-Ж.Руссо саналады. Халықтың егемендігі туралы өз тұжырымдамасын ойшыл жалпыға ортақ ерік қағидасынан шығарады. Бұл ерік, Ж.-Ж. Руссоның пайымдауынша, жалпы ерікпен тепе-тең емес, олардың арасында «көп ретте үлкен айырмашылықтар болады» [4]. Жалпыға ортақ ерік үнемі бірауызды келісімді білдіре бермейді, мұндай келісім тек бірігушілердің арасында татулық, береке-бірлік пен теңдік орнағанда ғана болады. Ортақ ерік тек дауыс беру арқылы анықталады, өйткені ол – көпшіліктің еркі. Бұл ретте дауыс беруге барлық азаматтар міндетті түрде қатысуы керек және дауысты есептеу қатаң жүзеге асырылуы тиісті. Әйтпеген жағдайда еріктің жалпыға бірдейлік қағидаты бұзылады.

Осы аталған идеялар Руссоны халық өкілеттілігі идеясының өзін теріс қабылдауға апарып тіреді. Руссоның пікірі бойынша, заң шығарушылық мүмкіндігі бар жоғары билік ретінде егемендік тек халықта болады және оның ешкімге берілуі мүмкін емес. Дегенмен, халық өкілеттілігі идеясы әлбетте өзінің түбегейлі талдамасын буржуазиялық-либералдық доктринаның мән-мәтінінен тапты, ал оның сапалық жаңаша түсіндірілуі жаңа туған парламентаризм теориясымен байланыстырылады (Дж.Локк, Ш.-Л.Монтескве, Б.Констан, А.Сидней, Г.Блэкстон, Д.Юм).

Қоғамдық келісім теориясының жақтаушылары егер билік келісімді бұзатын болса, яғни халық мүддесіне қызмет етпесе, онда халық мұндай үкіметті құлата алады деп тұжырымдады. Қоғамдық келісім теориясының негізгі принциптері төмендегі тұжырымдарда көрініс тапқан:

- мемлекет билігі біртұтас және бөлінбейді, ол барлық азаматтардың еркін «біртұтас ерікке» тоғыстырады;

- өзара келісімге келе отырып мемлекетті қалыптастырған адамдар оның барлық қызметін өз бақылауына алып, бүкіл жауапкершілікті өздеріне алады;

- жоғарғы билік азаматтардың күші мен дәулетін оларды қорғау және қоғамда бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында қолдана алады. Жоғарғы билік өз әрекеттері үшін азаматтар алдында ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайды және өз әрекеттері үшін олардың алдында есеп бермейді.

Қоғамдық шарт идеясының мазмұнына сәйкес, келісім нәтижесінде азаматтар мемлекеттік биліктің орныққандығын жариялайды және осы билікке қоғамдық өмірді басқару құқығын береді. Бұл идея сол кезеңдегі жаңа заманның жағдайларында прогрессивті болды.

Біріншіден, бұл идея мемлекетті құдай жаратқандығы туралы концепцияға қарсы бағытталды. Екіншіден, король билігінің прерогативаларын қорғайтын және жақтайтын теорияға қарсы бағытталды. Үшіншіден, табиғи құқық теориясымен (бұл теорияға сәйкес адамдар тумасынан ажырағысыз құқықтарға – өмір сүру, жеке басының қауіпсіздігі т.б. ие болады) тығыз байланысты қоғамдық шарт теориясының демократиялық бағыты анық көрініс тапты.

Буржуазиялық байланыстардың одан әрі дамуы мен «үшінші сословиенің» пайда болуы парламентаризм қалыптасуының аса маңызды элементтік-саяси алғы шарты болады. Экономикалық қатынастардың дамуы, сондай-ақ феодалдық институттардың жаңа жағдайда пәрменді мемлекеттік басқаруды жүзеге асыра алмауы мемлекеттік билікті ұйымдастырудың жаңа формаларының шығу қажеттігін талап етті.

Батыс Европадағы тікелей және өкілетті демократияның идеялық-теориялық негізі ретінде халық егемендігінің басты тұжырымдамасы көрінеді, ал оның қалыптасуы абсолютизмнің дағдарысымен және алғашқы буржуазиялық революциялармен байланыстырылады. Осы тарихи кезеңде «мемлекеттік мүдде», «мемлекеттік егемендік» қағидаларымен қатар либералдық идеология көбіне-көп «халықтың ортақ еркі» идеясына жүгінетін болды. Халықтың егемендігі мемлекеттік биліктің бірден-бір және негізгі көзі ретінде азаматтардың (мемлекет халқы) бірлігін қарастыруды қажет етеді.

Кейінгі кезеңдерде «халық билігі» құбылысын батыстың саяси-құқықтық дәстүрі шеңберінде зерттеуді Р.Арон, Дж.Бюрдо, Р.Даль, М.Дюверже, Ж.-Л.Керлеон, А.Лейпхарт, Г.Б.Поуэлл, Ф.Хайнек және т.б. сияқты заңгерлер мен саясаттанушылар ілгері жалғастырды.

Кеңестік кезеңде халық билігі идеясы маркстік-лениндік идеология мән-мәтінінде қарастырылды, онда халықтың билігі дегенде әуелі еңбекшілердің экономикалық және саяси үстемдігі еске алынады. Кеңестік демократия мен оның институттары туралы идея кеңес мемлекетінің конституцияларында талай мәрте бекітілді, бірақ шындығында оны іске асыру мүмкін емес еді, сондықтан ол халық билігі туралы тым догмаланған теорияның біршама «тоқырауына» соқтырды.

Қазіргі кезде де көптеген ойшылдар, зерттеушілер халық билігінің күрделі, кешенді проблеманың жекелеген қырларының мәнін ашуға көңіл бөліп, талпынуда. Атап айтқанда демократиялық институттардың дамуы, халық билігін жүзеге асырудың саяси-құқықтық формалары, саяси демократиялық тәртіп құбылысы және т.б. жан-жақты талданып, талқылануда. Ал біз өз мақаламызда тарихи өткенді талдау арқылы проблематиканың тарихи-құқықтық қырын баяндауға тырыстық.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Нерсисянц В.С. История политических и правовых учений : учеб. для вузов. М.: Норма, 2007. 457 с.  
[2] Покровский И. А. История Римского права. Минск, 2002. 23 с.  
[3] Антология мировой правовой мысли : В 5 томах / Т.2:Европа V-ХУПвв. / - М.: Мысль, 1999 С.339  
[4] Руссо Ж.-Ж. Қоғамдық келісім шарт туралы немесе саяси құқық принциптері. Ауд. Б.Ж.Сырымбет Алматы: Үш қиян, 2004. 81 б.

REFERENCES

- [1] Nersesiyants V.S. History of political and legal manoeuvres : of studies. for institutions of higher learning. М.: Norma, 2007. 457 p. (in Russ.)  
[2] Pокrovskiy I. A. History of the Roman law. Minsk, 2002. 230 p. (in Russ.)  
[3] An anthology of world legal idea : is In 5 volumes / of T.2 : Europe V - ХУПвв. / - М.: Idea, 1999 638 p. (in Russ.)  
[4] Rousseau J-J. The Social contract or Principles of political Right. Translation: B.Zh.Syrymbet. Almaty: Ush kiyam, 2004. 604 p. (in Kaz.).

**Н.К. Мынбатырова**

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы

**ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ В ЗАПАДНОЙ ЕВРОПЕ КОНЦЕПЦИИ  
НАРОДНОГО СУВЕРЕНИТЕТА**

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию истории возникновения и развития концепции суверенитета в Западной Европе. Анализируется процесс становления и эволюции идеи народовластия, «народного суверенитета» и народного представительства. Исследуется политическая и правовая сущность этих категорий, которые были созданы для противостояния средневековому абсолютистскому тезису «суверенитет = власть монарха-суверена». Раскрывается влияние теорий античных мыслителей на концепции народного представительства периода Средневековья и эпохи европейского Возрождения.

Особый акцент делается на проблематике философского и политико-правового осмысления идеи «общей воли» Ж.-Ж.Руссо, ставшей фундаментом концепции «народного суверенитета» и заложившей основы французского Просвещения, европейского либерализма, американского федерализма и современных конституционно-демократических доктрин.

**Ключевые слова:** государственная власть, народный суверенитет, народная власть, народное представительство, республика.

**Сведения об авторах:**

Мынбатырова Н.К. - кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ им. аль-Фараби, адрес место работы – г. Алматы, пр. аль-Фараби 71, Телефон: 221-12-56, e-mail – nurlaiym@mail.ru